

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы Келісімді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге ұсыну туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 28 ақпан N 208

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы 1992 жылғы 29 қыркүйекте Алматы қаласында қол қойылған Келісім Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия
Республикасының Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық
ынтымақтастық туралы
Келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі, бұдан әрі "Уағдаласушы Жақтар" деп аталады, өзара сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға және оларды тең хұқылық пен өзара тиімді негізде кеңейтуге жәрдемдесуге ұмтыла отырып, өздерінің халық шаруашылықтарының тиімділігін нығайтуға, тығыз ынтымақтастық үшін жағдайлар жасауға және дүниежүзілік сауда жүйелерінің ашық болуына көмектесуге ұмтыла отырып, тарифтер және сауда жөніндегі Бас Келісімнің (ГАТТ) мүшесі ретінде Финляндияның міндеттемелерін ескеріп және Қазақстан Республикасының халықаралық сауданың жалпы жұрт таныған нормалары мен ережелерін,

оның ішінде ГАТТ нормалары мен ережелерін қолданғысы келетін

ниетін атап көрсете келіп, мына төмендегілер жайында келісті:

1-бап

Бұл Келісімнің мақсаты Қазақстан Республикасы мен Финляндия арасындағы өзара тиімді және ұзақ мерзімге негізделген сауда-экономикалық ынтымақтастыққа жәрдемдесу болып табылады.

2-бап

Уағдаласушы Жақтар:

- импорт және экспорт жөнінде қолданылатын кедендік баж салықтары мен алымдар, оның ішінде мұндай баж салықтары мен алымдарды өндіріп алудың тәсілдері,
- кедендік тазартуға, транзитке, қоймаға салуға және қайта тиеуге қатысты ережелер,
- импортталатын тауарлардан тікелей немесе жанама түрде алынатын кез-келген салықтар мен басқа да ішкі алымдар,
- ақы төлеудің және мұндай төлемдерді аударудың әдістері,
- импорт пен экспорттың көлемі жөнінде сан жағынан қойылатын шектеулер,
- тауарларды ішкі рынокта сатуға, сатып алуға, тасымалдауға, бөлуге және пайдалануға қатысты ережелер, жөнінде бір-біріне мейлінше қолайлық режимін жасап беріп отырады.

Алайда жоғарыда айтылған мейлінше қолайлылық режимі Уағдаласушы Жақтар:

- Уағдаласушы Жақтардың бірімен бірге қазірдің өзінде бар немесе келешекте құрылуы мүмкін экономикалық аймақтарға, кедендік одақтарға немесе еркін сауда аймақтарына қатысушы елдерге,
 - халықаралық келісімдер негізінде дамушы елдерге;
 - шекара бойындағы сауданы дамыту мақсатын көздейтін көрші елдерге;
- жасаған немесе жасап беретін артықшылықтарына қатысты болмайды.

3-бап

Қазақстан Республикасы мен Финляндия арасында тауарлар және қызмет экспорты мен импорты, сондай-ақ экономикалық ынтымақтастық әр елде қолданылатын заңдарға сәйкес заңды ұйымдар мен жеке адамдардың келісім шарттар жасасуы жолымен жүзеге

асырылады.

4-бап

Берілген тауарлар және атқарылған қызметтер үшін төленетін ақы еркін айналымдағы валютамен жүзеге асырылады.

Тауар айналымын ұлғайту және оның номенклатурасын кеңейту мақсатымен заңды ұйымдар мен жеке адамдар Қазақстан Республикасында және Финляндияда қолданылатын заңдар шеңберінде өзара байланысты сауда операцияларын, оның ішінде өтемдік негіздегі мәмілелерді жүзеге асыра алады.

5-бап

Уағдаласушы Жақтардың құзырлы органдары елдердің әрқайсысында қолданылатын заңдар шеңберінде тауарлар мен қызметтер экспорты мен импортына қажетті рұқсатты ешбір кедергісіз беріп отырады.

6-бап

1. Уағдаласушы Жақтар өзара саудада жанжалды жағдайлардан аулақ саудаға ұмтылады. Дегенмен, егер Уағдаласушы Жақтар арасындағы саудада осы баптың 2-тармағында айтылғандай проблемалар туса, онда олар өздерінің бірі осы Келісімнің 11-бабында айтылған Аралас комиссия шеңберінде тиісті өтінішін табыс еткеннен кейін әрі кеткенде 30 күннен кешіктірмей консультациялар алмасуға кіріседі. Бұл консультациялар туындаған проблемалардың өзара қабылдауға болатын шешімдерін іздеуге бағытталады. Уағдаласушы Жақтардың әрқайсысы осы баптың 4-тармағында белгіленген қиын-қыстау жағдайлардан басқа кезде консультациялар өткізілгенге дейін ешқандай да іс-қимыл қолданбайтын болады.

2. Егер өзара саудада қандай да болсын бір тауар Уағдаласушы Жақтар елдерінің бірінің территориясына аса ірі мөлшерде немесе осындай тауарларды не тікелей бәсекеге түсетін тауарларды өз елінде өндірушілерге нұқсан келтіретін немесе нұқсан келтіру қаупін туғызатындай шарттар негізінде импортталса, осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылады. Мұндай жағдайда консультациялар өткізуге өтініш жасаушы Уағдаласушы Жақ екінші Уағдаласушы Жаққа туындаған жағдайды егжей-тегжейлі зерттеуге қажетті бүкіл ақпаратты береді.

3. Егер консультация басталғалы бері, бірақ 3 айдан кешіктірмей Уағдаласушы Жақтар мұндай жағдайға ұшырамауға мүмкіндік беретін іс-қимылдар жөнінде келісімге келмесе, онда консультациялар алысуды өтінген Уағдаласушы Жақтың нұқсанға жол бермеу немесе нұқсанды жою үшін тиісті тауарлар импортын қажетті деңгейде және соған керекті уақытқа шектейтін хұқы болады.

4. Шаралар қолданудағы кідіріс орнын толтыру қиын болатын нұқсанға ұшыратуы мүмкін қиын-қыстау жағдайларда Уағдаласушы Жақ алдын ала уақытша қорғану

шараларын қолдана алады. Алайда мұндай жағдайда Уағдаласушы Жақтар қалыптасқан жағдайды шешу үшін дереу тиісті консультациялар алысуға кірісуі тиіс.

5. Осы бапқа сәйкес қолданылатын шараларды таңдау кезінде

Уағдаласушы Жақтар олардың ішінен осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізуге теріс ықпалы мейлінше аз шараларға басты назар аударады.

7-бап

Уағдаласушы Жақтар осы Келісімді жүзеге асыру кезінде тарифтер және сауда жөніндегі Бас Келісімнің (ГАТТ) принциптерін негізге алады.

8-бап

Уағдаласушы Жақтар сауда және басқа экономикалық ынтымақтастық үшін қажетті алғы шарттарды қамтамасыз ету мақсатымен

- экономикалық қызметке байланысты, оның ішінде сауда, инвестициялар, салық салу, банк және сақтандыру қызметі және басқа қаржы қызметтері, көлік және еңбек жағдайларының мәселелері жөніндегі заңдар мен басқа да нормативтік актілерді үнемі жариялап отырады,
- өз заңдарындағы осы Келісімнің орындалуына ықпал етуі мүмкін өзгерістер туралы бір-біріне дереу хабарлап отырады,
- өнеркәсіптік, сауда-саттық және интеллектуалдық меншік жөніндегі хұқықтардың қорғалуын қамтамасыз етеді,
- инвестицияларды қорғайды және олар үшін кемсітпеу және екі жаққа бірдей болу принциптері негізінде, атап айтқанда түскен пайданы аударуға және инвестицияланған капиталды қайтарып беруге қатысты істерде қолайлы жағдай жасайды.

9-бап

Уағдаласушы Жақтар саудаға және басқа экономикалық ынтымақтастықтың басқа да түрлеріне, оның ішінде өнеркәсіптік ынтымақтастық пен оқыту саласындағы ынтымақтастыққа көмектесу мақсатымен:

- Уағдаласушы екі Жақ өнеркәсіп пен өндірістің барлық салаларында мүдделі болып отырған кәсіпорындар мен ұйымдар арасындағы тікелей ынтымақтастығына, сондай-ақ шағын және орташа кәсіпорындардың саудаға қатысуына көмектеседі,

- түрлі салалардағы мамандар арасындағы тікелей байланыстарға, оның ішінде менеджментке үйрету ісіне де көмектеседі,
- саудада семинарлар, көрмелер және симпозиумдар сияқты әртүрлі формаларды ұйымдастыруға ынталандырып отырады.

10-бап

Уағдаласушы Жақтар экономика саласындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатымен ғалымдар, зерттеушілер және мамандар, сондай-ақ ғылыми-зерттеу институттары мен ұйымдар арасындағы тікелей байланыстарды кеңейтуге және диверсификациялауға барынша көмектесіп отыратын болады.

11-бап

Осы Келісімнің орындалуын бақылау үшін Аралас комиссия құрылады, оның міндеті:

- сауданы және басқа экономикалық, сондай-ақ ғылыми-технологиялық ынтымақтастықты дамыту жөнінде,
- осы Келісімді қолдануда және жүзеге асыруда орын алуы мүмкін проблемаларды немесе пікір алшақтықтарын шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Комиссияның мәжілістері Уағдаласушы Жақтардың бірінің

ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасында және Финляндияда кезекпен өткізілетін болады.

12-бап

Бұл Келісім Уағдаласушы Жақтар оның күшіне енуі үшін қажетті заңды іс-әрекеттердің орындалғаны туралы бір-бірін хабардар еткеннен кейін 30 күннен соң күшіне енеді.

Бұл Келісім Уағдаласушы Жақтардың бірі бұл жайында екінші Уағдаласушы Жаққа алты ай бұрын жазбаша түрде хабарлап, оның қолданылуын тоқтатқанға дейін күшінде қала береді.

1992 жылғы 29 қыркүйекте әрқайсысы қазақ, фин және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана етіп жасалды, барлық текстің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының Финляндия Республикасының
Үкіметі Үшін Үкіметі Үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия
Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды
ынталандыру және өзара қорғау туралы
Келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі, бұдан әрі "Уағдаласушы Жақтар" деп аталады, Қазақстан Республикасы мен Финляндия арасындағы сауда-экономикалық қатынастарын дамытуға және кеңейтуге ұмтыла отырып, өзара теңдік пен өзара тиімділік принциптерін негізге алып, Уағдаласушы Жақтардың әрқайсысының инвесторларының екінші Уағдаласушы Жақтың территориясында жүзеге асыратын инвестицияларын ынталандыру, қорғау және қолайлы жағдай жасау ниетімен, инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау Уағдаласушы Жақтардың екеуінің арасындағы экономикалық қатынастарды дамыту ісінде іскерлік белсенділікті арттыратынын мойындай келіп, мына төмендегілер жайында келісті:

1-бап

Анықтамалар

Осы келісімде:

а) "Инвестиция" термині экономикалық қызметпен байланысты құралдар мен мүліктік құнды заттардың барлық түрлері деген мағынаны білдіреді және ол атап айтқанда мына төмендегілерді қамтиды, бірақ тек соларды ғана қамтып қоймайды:

- 1) жылжымалы және жылжымайтын мүлік және кепіл хұқы сияқты басқа да мүліктік хұқықтар;
- 2) компанияларға салынған салымдар, акциялар және заңды ұйымдардың мүлкіне қатысудың басқа да нысандары;
- 3) ақша қаражаты жөнінде талап қою хұқы, ақшадай борышты талап ету хұқы;
- 4) өнеркәсіптік, коммерциялық және интеллектуалдық меншік хұқылары, оның ішінде авторлық хұқыларға, патенттерге, тауар таңбаларына, қызмет көрсету таңбаларына, фирма атаулары мен өнеркәсіптік үлгілерге, коммерциялық құпияларға, технологиялық процестерге; "ноу-хау" және "гудвилдерге" байланысты хұқықтар;
- 5) коммерциялық қызмет пен концессиялар жөніндегі хұқықтар, оның ішінде табиғи ресурстарды барлауға, өндіруге, алуға немесе пайдалануға қатысты хұқықтар,

сондай-ақ заңға немесе келісімге сәйкес берілген барлық басқа да хұқықтар;

б) осы Келісімде көзделген және жалгер заңға сәйкес пайдаланатын инвестициялармен байланысты жалға алынған инвестициялық тауарлар.

б) "Инвестор" деген терминнің мағынасы:

1) өз елдерінде қолданылатын заңға сәйкес Қазақстанның немесе Финляндияның азаматы болып табылатын жеке адам не Қазақстанда немесе Финляндияда қолданылатын заңға сәйкес құрылған, сондықтан өз елінің заңына сәйкес екінші Уағдаласушы Жақтың территориясына инвестицияларды жүзеге асыруға хұқы бар заңды ұйым;

2) Уағдаласушы Жақтардың бірінің немесе үшінші бір мемлекеттің территориясында орналасқан мекенжайы бар заңды ұйым, оның үстіне Уағдаласушы Жақтардың бірінің инвесторы оған көбірек қатысады;

3) 1 және 2-тармақтарда анықтамасы көрсетілмеген заңды ұйым немесе жеке адам, бұл арада осы ұйым немесе жеке адам жоспарланған әрбір жеке инвестициясын Уағдаласушы Жақтардың бірлесіп мақұлдауы шарт.

с) "Табыс" деген терминнің мағынасы - инвестицияларға байланысты қызметтің нәтижесінде түскен ақша сомасы немесе басқа да мүліктік құнды заттар, оның ішінде атап айтқанда түскен пайда, өсім, дивиденттер, роялтилер және осы Келісімнің 6-бабында айтылған басқа да өтемдер, бірақ тек осылар ғана емес.

д) "Территория" деген термин Уағдаласушы Жақтардың әрқайсысының мемлекеттік территориясы, сондай-ақ экономикалық аймақ, балық ауланатын аймақ және Уағдаласушы Жақтардың әрқайсысының территориялық сулары шегінен тыс жатқан және Уағдаласушы Жақтар халықаралық құқыққа сәйкес табиғи ресурстарды барлау, пайдалану және сақтау мақсатымен өздерінің егеменді құқықтары мен заңдарын жүзеге асыратын континенттік шельф деген мағынаны білдіреді.

2-бап

Келісімді қолдану

1. Осы Келісім территориясында инвестициялар жүзеге асырылып жатқан Уағдаласушы Жақтың заңына сәйкес іске асырылған инвестицияларға қолданылады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелерін ескере отырып, бұл Келісім Уағдаласушы Жақтардың бірінің инвесторлары екінші Уағдаласушы Жақтың территориясында жүзеге асырған барлық инвестицияларға осы Келісім күшіне енгенге дейін де және одан кейін де қолданыла береді.

3-бап

Мейлінше қолайлылық режимі

1. Уағдаласушы Жақтардың әрқайсысының өз территориясында осы Келісімнің ережелеріне сәйкес екінші Уағдаласушы Жақтың инвесторлары жүзеге асырған

инвестициялар және олардан алынатын табыстар жөнінде жасайтын режимінің қолайлылығы үшінші бір елдер инвесторларының осындай жағдайлардағы инвестициялары мен табыстары жөнінде қолданылатын режимнен кем болмайды.

2. Уағдаласушы Жақтардың бірінің инвестициялары соғыс немесе басқа да қарулы жанжалдар, төтенше жағдай жариялануы, қоғамдық тәртіпсіздіктер салдарынан шығындарға ұшыраса, екінші Уағдаласушы Жақ оның инвесторларына қолайлылық режимін жасауды қамтамасыз етеді, бұл режим мүлікті қалпына келтіру, мүліктің есесін қайтару, орнын толтыру немесе материалдық құнды заттарға байланысты реттеудің басқа да түрлері жөнінде екінші Уағдаласушы Жақтың кез-келген үшінші бір елдердің инвесторларына қолданатын қолайлылық режимінен кем болмауы керек.

Осының алдындағы абзацта айтылған төлемдер еркін айналымдағы валюта арқылы жүзеге асырылуы тиіс және бір елден екінші елге еркін аударылуға тиіс.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген режим Уағдаласушы Жақтардың бірінің үшінші бір елдердің инвесторларына, инвестицияларына және табыстарына беретін және де:

- экономикалық кеңістік, кедендік одақ немесе еркін сауда аймағы туралы қазіргі бар және болашақтағы келісімнен;
- екі жақтан салық салудан босату туралы келісімнен;
- салық салумен толық немесе ішінара байланысты басқа да халықаралық келісімнен туындайтын артықшылықтарға, жеңілдіктерге немесе есесін қайтарудың негіздеріне қолданылмайды.

4-бап

Инвестицияларды қорғау

Уағдаласушы Жақтардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Жақтың инвесторлары жүзеге асырған инвестицияларға, сондай-ақ инвестициялардан түсетін табыстарға барлық жағдайда және өзінің заңдары мен ережелерінде көзделген шеңберде, сондай-ақ халықаралық хұқыққа сәйкес ақылға сыйымды және әділ режим жасауды қамтамасыз етеді.

5-бап

Экспроприация

1) Кез-келген Уағдаласушы Жақ инвесторларының екінші Уағдаласушы Жақтың территориясында жүзеге асырған инвестицияларын мемлекет қарамағына алуға, экспроприациялауға немесе олар жөнінде сол мемлекет қарамағына алудан, экспроприациялаудан туындайтын зардаптарға ұшырататындай шараларды (бұдан әрі - "экспроприация") қоғамдық мүддеден басқа жағдайға қолдануға болмайды. Оның үстіне осы территорияда қолданылатын заң бойынша белгіленген тәртіп сақталады және тиісті өтем төленеді.

Мұндай шаралардың кемсіту сипаты болмауы керек.

Өтем жөнінде есеп айырысу, тура экспроприация жүзеге асырылар алдынан немесе осындай шаралардың қолданылатыны туралы шешім халыққа жарияланғаннан кейін жүргізіледі, ол бұдан бұрын қандай оқиғалар болатынына байланысты етіп жүргізіледі және бағалаудың халықаралық практикада қабылданған принциптеріне сәйкес айқындалады. Өтем еркін айналымдағы валютамен мүліктің құны белгіленген күні қолданылған ресми валюта курсы бойынша төленеді. Өтем қаржының сомасы, әдетте оны аударуға байланысты істі хаттау үшін керек болатын мерзім ішінде, бірақ экспроприация жасалған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей негізді себепсіз кідірілмей аударылады. Өтем соманың мөлшеріне инвестициялар құнының өсімі қосылуы тиіс, ол осы инвестициялардың нақты құны белгіленген күнінен бастап Лондон банкаралық ұсыныс ставкасына (ЛИБОР) сәйкес төленген күніне дейін есептеледі. Мұндай ставка жоқ болған күнде мәжбүр ету шараларын жүзеге асырып отырған Уағдаласушы Жақтың орталық банкі қолданатын әдеттегі коммерциялық өсім мөлшері пайдаланылады.

Инвесторларына нұқсан келген инвестор экспроприация жасаушы Уағдаласушы Жақтың заңдарына сәйкес өзінің бұл ісін тез арада сотта немесе осы Уағдаласушы Жақтың басқа бір тәуелсіз органында қаратуға және осы тармақта айтылған принциптерге сәйкес өз инвестицияларының құнын анықтатуға құқылы.

2) Егер Уағдаласушы Жақтардың бірі қолданылып отырған заңдарға сәйкес өз территориясының кез келген бөлігінде құрылған компанияның немесе кәсіпорынның мүлкін экспроприацияласа және олардың акцияларын екінші Уағдаласушы Жақтың инвесторлары иеленіп отырса, осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылады.

6-бап

Инвестицияларға байланысты төлемдерді, табыстарды
аудару және жылжымалы мүлікті қайтару

Уағдаласушы Жақтардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Жақтың инвесторларына инвестицияға байланысты жылжымалы мүлікті негізделмеген себепсіз кідіртпей, бірақ үш айдан аспайтын мерзімде кедергісіз қайтарып беруді және инвестицияларға байланысты төлемдерді және атап айтқанда мына төмендегілерді еркін айналымдағы валютамен аударуды қамтамасыз етеді:

1) пайда, дивидендтер, өсімдер, роялтилер, лицензиялық төлемдер, комиссиялық сыйақы, техникалық көмек пен техникалық қызмет үшін төлемдер және екінші Уағдаласушы Жақтың инвесторы жүзеге асырған инвестициялардан алынатын басқа да табыстар;

2) қарыздар немесе тиісті міндеттемелерді орындауға байланысты ақша сомасы;

3) инвестицияларды сатуға, ішінара немесе толық жоюға байланысты инвесторға берілуге тиісті сома;

4) инвестор еліндегі азаматтардың жалақысы және инвестицияларға байланысты

қабылдаушы елдің территориясында атқарылған жұмыс үшін берілетін табысқа байланысты басқа да кірістер.

7-бап

Инвестицияларды жүзеге асыруға жәрдемдесу

Уағдаласушы Жақтар өз заңдарының шеңберінде инвестициялық қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасалуына көмектеседі.

8-бап

Уағдаласушы Жақ пен инвестор арасындағы даулар

1. Уағдаласушы Жақтардың бірінің екінші Уағдаласушы Жақ территориясындағы инвестицияларына қатысты бір Уағдаласушы Жақтың инвесторы мен екінші Уағдаласушы Жақтың арасында құқылық дау туып дауласушы жақтар оны реттеу туралы екі жақтың бірі екінші жаққа жазбаша талаптарын табыс еткен күннен бастап үш ай ішінде уағдаластыққа қол жеткізе алмаса, мұндай құқылық даулар екі жақтың бірінің талап етуімен мына төмендегілердің қарауына беріле алады:

а) инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі Халықаралық орталық (бұдан әрі "орталық" деп аталады); бұл арада егер Уағдаласушы екі Жақ осы айтылған Келісімге қатысушылар болса, 1965 жылғы наурыз айының 18-інде Вашингтонда жасалған мемлекеттердің және басқа мемлекеттер азаматтарының арасындағы инвестициялар саласындағы дауларды реттеу туралы Конвенцияның (Конвенция ICSID) оңтайлы ережелері ескеріледі; немесе

б) Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық сауда құқы жөніндегі комиссиясының қолданылып жүрген Төрелік регламентіне сәйкес құрылатын "ad hoc" халықаралық төрелік сотқа. Дауласушы жақтар Төрелік регламенттің ережелеріндегі өзгерістер туралы жазбаша уағдаласқан келісімдер жасаса алады.

2. Дауды төрелік соттың қарауына беруге қатысты осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан инвестор оны шешудің ретін дауды төрелік соттың қарауына бергенге дейін таңдауына құқы бар.

3. Уағдаласушы Жақтар төрелік соттың шешімін мойындайды және оны шетелдік төрелік шешімдерді мойындау және орындау туралы 1958 жылы Нью-Йоркте қабылданған Конвенцияға сәйкес орындайды.

9-бап

Уағдаласушы Жақтар арасындағы даулар

1. Уағдаласушы Жақтар арасындағы осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар мүмкіндігінше дипломатиялық арналар арқылы шешілуге тиіс.

2. Уағдаласушы Жақтар арасындағы дауды дипломатиялық арналар арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда Уағдаласушы Жақтардың бірінің өтініші бойынша оны

төрелік соттың қарауына берген жөн.

3. Мұндай төрелік сот әрбір нақты жағдай үшін мынадай тәртіппен бөлек құрылатын болады. Төрелік туралы өтініш алынғаннан кейін екі ай ішінде Уағдаласушы Жақтардың әрқайсысы бір-бірден төреші тағайындайды. Осы екі төреші бұдан кейін Уағдаласушы Жақтардың келісуі бойынша төрелік соттың төрағасы болып тағайындалатын үшінші бір мемлекеттің азаматын сайлайды. Төраға төрелік соттың басқа екі мүшесі тағайындалған күннен кейін айдың ішінде тағайындалуға тиіс.

4. Егер қажетті тағайындаулар осы баптың 3-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылмаса, Уағдаласушы Жақтардың қай-қайсысы да өзге уағдаластық болмаған жағдайда Халықаралық Соттың төрағасынан қажетті тағайындаулар жүргізуге өтініш жасай алады. Егер Төраға Уағдаласушы Жақтардың бірінің азаматы болса немесе егер ол қандайда бір себептерге байланысты аталған қызметті жүзеге асыра алмайтын болса, онда қажетті тағайындауларды жүргізу Халықаралық Соттың Вице-Төрағасына ұсынылады. Егер Вице-Төраға Уағдаласушы Жақтардың бірінің азаматы болса немесе егер ол да аталған қызметті жүзеге асыра алмайтын болса, онда қажетті тағайындауларды Уағдаласушы Жақтардың бірінің азаматы болып табылмайтын және аталған қызметті кедергісіз жүзеге асыра алатын Халықаралық соттың үлкендігі бойынша одан кейін тұрған мүшесіне ұсынылады.

5. Төрелік сот шешімді көпшілік дауыспен қабылдайды. Төрелік соттың шешімі Уағдаласушы Жақтардың екеуіне де міндетті болып табылады. Уағдаласушы Жақтар төрағаның шығынын теңдей бөліп көтереді. Тағайындалған төрешінің қызметіне байланысты шығындарды Уағдаласушы Жақтардың әрқайсысы өтейді. Төрелік сот алайда өзінің шешімінде Уағдаласушы Жақтардың бірі шығындардың көпшілік бөлігін көтереді деп белгілеуі мүмкін, ал мұндай шешім Уағдаласушы Жақтардың екеуіне де міндетті болады. Іс жүргізу тәртібі туралы мәселені соттың өзі шешеді.

10-бап

Суброгация

Егер Уағдаласушы Жақ немесе оның тағайындаған өкілі осы Уағдаласушы Жақ инвесторының инвестициялары жөнінде өздері берген кепілдік негізінде инвесторға өтем төлесе, онда осы Уағдаласушы Жақ немесе оның тағайындаған өкілі суброгация ретінде инвестордың осы Келісімге негізделген тиісті хұқықтарына ие болады.

11-бап

Ұлттық заңдар мен халықаралық келісімдерді қолдану

Егер Уағдаласушы Жақтардың бірі өзінің заңдарына немесе Уағдаласушы Жақтардың екеуі де қатысатын Халықаралық Келісімге сәйкес екінші Уағдаласушы Жақ инвесторларының инвестицияларына осы Келісім жасаған қолайлы режимнен

қолайлырақ режим жасайтын болса, онда қолайлық режим қолданылады.

12-бап

Келісімнің күшіне енуі, мерзімі және қолданылуының тоқтатылуы

1. Осы Келісім Уағдаласушы Жақтар Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті конституциялық хаттау істерінің орындалғаны туралы бір-біріне дипломатиялық арналар арқылы хабарланғаннан соң отыз (30) күн өткеннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісім он бес (15) жыл бойы қолданылады және егер осы баптың 3-тармағына сәйкес доғарылмаса, ол осы мерзім аяқталғанға дейін күшінде болады.

3. Уағдаласушы Жақтардың кез-келгені алғашқы он бес (15) жыл мерзім өткеннен кейін немесе бұдан кейінгі кез-келген уақытта бұл жайында екінші Уағдаласушы Жақты дипломатиялық арналар арқылы алдын ала кемінде бір (1) жыл бұрын хабарлар етіп, оның қолданылуын тоқтата алады.

4. Осы келісімнің қолданылуы тоқтатылғанға дейін жүзеге асырылған инвестициялар жөнінде 1-11-баптардың ережелері Келісімнің қолданылуы тоқтатылғаннан кейін он бес (15) жыл бойы күшінде қала береді.

Алматы қаласында 1992 жылғы 22 қыркүйектегі әрқайсысы қазақ, фин және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана етіп жасалды, барлық текстердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының Финляндия Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін